

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНІҢ


2021 ЖЫЛҒЫ

ЕСЕБІ

Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде (бұдан әрі - Музей) 2021 жылы **436 іс-шара** ұйымдастырылып, оған **215 625 адам** қатысты. Атап айтқанда, 4 жаңа залдың ашылуы, 32 көрме, 3 конференция, 3 форум, 4 фестиваль, 29 дөңгелек үстел, 3 акция, 12 дәріс, 11 семинар, 12 вебинар, 4 концерт, 50 бағдарлама, 110 үйірме, 158 музей сабағы, 1 спартакиада өтті. Осы орайда **2020 жылмен (267 іс-шара)** салыстырғанда 2021 жылы ұйымдастырылған іс-шаралардың екі есеге жуық артқандығын атап өткен жөн.

Диаграмма №1. ҚР Ұлттық музейінде 2020-2021 жылдары ұйымдастырылған іс-шаралардың көрсеткіші.



Сонымен қатар Музейде есептік кезеңде **4 925 экскурсия** жұмыстары ұйымдастырылып, барлығы **85 837 адам** қатысты.

ҚР Ұлттық музейі «Qazaqstan Project Management Awards-2021» II Ұлттық конкурсында «**ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ЖОБАСЫ**» номинациясы «Орталық мемлекеттік органдар» санаты бойынша **БІРІНШІ ОРЫНДЫ** иеленді. Музей ұжымы байқауға «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасын ұсынды. Бұл жоба 2017 жылы ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ҚР Ұлттық музейі жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының атқарған жұмыстары негізінде дайындалды. Орталық күні бүгінге дейін «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» атты виртуалды-интерактивтік картасын жасап, «Қазақстанның қасиетті жерлерінің энциклопедиясы» атты бес томдықтың 4 томын жарыққа шығарды.



ҚР Ұлттық музейі ұжымы «Qazaqstan Project Management Awards-2021» II Ұлттық конкурсының марапаттау рәсімінде

1.1. ҚР Ұлттық музейінде жаңа залдар мен көрмелердің ашылуы.

Есептік кезеңде ҚР Ұлттық музейінде 4 зал ашылды:

- 1) Алтын Орда дәуірінің тарихына арналған «**Ұлық Ұлыс**» залы (28.05.2021);
- 2) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Астана күніне орай «**Материалдық емес мәдени мұра**» залы (29.06.2021);
- 3) «**Менің Қазақстаным**» балалалар арналған мәдени білім беру экспозициясы (03.09.2021)
- 4) «**Графика және мүсін**» залы (04.11.2021)

2021 жылы ҚР Ұлттық музейінде **32 көрме** (7 – халықаралық, 25 - республикалық) ұйымдастырылды.

Халықаралық көрмелер:

- 1) Америкалық суретші Шри Чинмойдың «Өнер фонтаны» атты репродуктивті суреттерінің жеке көрмесі (18.01.21);
- 2) Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Таң Шолпан» Халықаралық тәуелсіз суретші әйелдер қорының «Таң Шолпан» атты көрмесі (05.02.21);

- 3) ҚР Ұлттық музейі мен Германия Федеративтік Республикасы Нұр-Сұлтан қаласындағы елшілігінің бірлесіп ұйымдастырған «Ұлы далаға қош келдіңіздер!» - Альфред Бреммен бірге Қазақстанда 1876/2021» атты көрмесі (10.06.21);
- 4) Корея Республикасы елшілігінің Корей мәдени орталығының ұйытқы болуымен «Sumukhwa Monologue» атты сиямен салынған кескіндеме көрмесі (13.08.2021);
- 5) «Қазақстан Республикасындағы Беларусь Республикасының мәдениет күндері» аясында көрменің ашылуы (2.10.2021 ж.);
- 6) Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының мәдениет күндеріне арналған көрме (12.10.2021);
- 7) Италия Республикасы Елшілігінің ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мүсінші Луиза Валентинидің «Раушан» атты инсталляциясын салтанатты ашу рәсімі (14.12.2021).

Республикалық көрмелер:

- 1) Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған ҚР Ұлттық музей қорынан жасақталған «Ұлы дала жыршысы - Жамбыл» атты көрмесі (11.02.2021 ж.).
- 2) Суретші Т. Мукашевтің «Балалық шаққа саяхат» атты жеке көрмесі (19.02.2021 ж.);
- 3) «Жақсы дәрігер» фотокөрмесі (25.02.2021 ж.);
- 4) Коллекционер Азат Әкімбектің «Ата-мұра» атты жеке коллекциясынан көрме (19.03.2021 ж.);
- 5) ҚазКСР Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Серке (Серәлі) Қожамқұловтың 125 жылдығына арналған «Қазақ сахнасының ірі тұлғасы» атты көрме (22.04.2021 ж.);
- 6) Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінің «Даланың дара ұстазы» атты көшпелі көрмесі (23.04.2021 ж.).
- 7) «Астана» Халықаралық қаржы орталығындағы «Ғасырлар бояуы» атты жылжымалы көрмесі (26.04.2021 ж.).
- 8) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай суретші Камила Әбенқызы Жапалованың «Өмір өрнек» атты көрмесі (30.04.2021 ж.);
- 9) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «ТАМУР» шығармашылық тобының көркемөнер көрмесі (06.05.2021 ж.);
- 10) Ақын, күйші Шәкір Әбеновтің 120 жылдық мерейтойына арналған «Шыңғыстаудың бір шыңы» атты көрмесі (14.05.2021 ж.);
- 11) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік көкжиегі» суретшілер көрмесі (4.06.2021 ж.);
- 12) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, ғасыр саңлағы, күйші Дина Нұрпейісованың 160 жылдығы және Ұлттық домбыра күніне орай «Пернесінде сөйлейді Ұлы дала» атты Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің қорындағы домбыралар коллекциясынан жасақталған көрме (29.06.2021 ж.).
- 13) Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі қорындағы домбыралар коллекциясынан «Пернесінде сөйлейді Ұлы Дала» атты көшпелі көрмесі (30.06.2021 ж.).
- 14) «Конфессияралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КЕАҚ мен бірлескен «Ислам: кеше, бүгін, ертең» фотокөрмесі (02.07.2021 ж.).
- 15) Атырау облыстық Ш. Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің «Қылқалам ұшындағы құдірет» атты көшпелі көрмесі (06.08.2021 ж.).
- 16) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қазақстан Суретшілер одағаның мүшесі Дария Калимова-Қастееваның «Уақыттың шынайы сабақтастығы» атты жеке көрмесі (10.09.2021 ж.).
- 17) Семей ядролық сынақ полигоны жабылуының 30 жылдығына орай «Бейбітшілік тағы» атты көрмесі (22.09.2021 ж.);

18) ҚР Ұлттық академиялық кітапханасымен бірге «Рухты қалам қайраткерлері» атты әдеби көрмесі (24.09.2021 ж.);

19) Бөкей Ордасының 220 жылдығы және Қазақстандағы тұңғыш мектеп – Жәңгір училищесінің 180 жылдығы аясында «Бөкей Ордасы - ел мұрасы» атты көрмесі (11.11.2021);

20) Суретшілер Болат Мекебаев пен Юлия Желобкованың «Уақыт тоғысында. Батыс пен Шығыс» атты көрмесі (16.11.2021);

21) «Елімнің ертеңі – өнерімнің өркені» атты жас суретшілердің көрмесі (30.11.2021)

22) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жарқын болашақтың Нұрлы бастауы» атты көрме (02.12.2021);

23) Суретші Жанұзақ Мүсәпірдің «Тәуелсіздік – Тұғырым! Құдіретім – Қылқалам!» атты жеке көрмесі (09.12.2021);

24) «Мейірім» инклюзивті білім беру жобасы аясындағы «АСТ Астана» қоғамдық бірлестігімен бірлесе өткізілген «Тұғырлы тәуелсіздік» атты сурет көрмесі (11.12.2021);

25) Тасқопа сармат қорғанынан табылған сегізінші «Алтын адамның» ғылыми реконструкциясының тұсаукесері (14.12.2021)

1.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аталып өтілген мерейтойлар

2021 жылы ҚР Ұлттық музейінде бірқатар тарихи тұлғалардың мерейтойлары аталып өтілді. Атап айтқанда:

1) Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Жыр алыбы» атты тарихи-әдеби кездесу және ҚР Ұлттық музей қорынан жасақталған «Ұлы дала жыршысы - Жамбыл» атты көрмесі (2021 жылғы 11 ақпан);

2) Ыбырай Алтынсарин ұлы ағартушының 180 жылдық мерейтойына орай «Үміт еткен көзімнің нұры балам...» атты дөңгелек үстел, Ыбырайтанушы – ғалым Серікбай Оспановтың «Ыбырай жолы» кітабының тұсаукесер рәсімі және «Даланың дара ұстазы» атты көшпелі көрмесі (2021 жылғы 23 сәуір),

3) Мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына орай «Ұлттың ұлы тұлғасы» атты әлеуметтік желілерде **MuzeiTime** тесттік сауалнамасы;

4) Қазақ балуаны Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына орай «Күш атасы — Қажымұқан» музейлік дәріс сабағы;

5) Ақын, күйші Шәкір Әбеновтің 120 жылдық мерейтойына арналған «Шыңғыстаудың бір шыңы» көрмесі аясында дөңгелек үстел (2021 жылғы 14 мамыр);

6) Ғалым, абайтанушы, жазушы, драматург, аудармашы Қайым Мұхамедханұлының 105 жылдығына орай «Ғалым. Қайраткер. Тұлға» атты музейлік дәріс;

7) Ақын Мұқағали Мақатаевтың 85 жылдығына орай «Бақыт деген...» поэзиялық кеш.

1.3. Қор жинақтау, сақтау және қалпына келтіру жұмыстары.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің есепті кезең ішіндегі музейлік заттардың саны **215 534** сақтау бірлігін құрайды. Оның ішінде **168 470** сақтау бірлігі тұрақты сақтауда (негізгі қорда – **118 648** бірлік, ғылыми-қосымша қорда – **49 822** бірлік), ал уақытша қор музейлік заттарының саны – **47 512** бірлік.

Түсім. Есепті кезең ішінде Музей қорына **тұрақты сақтау үшін 4 299** бірлік зат түсті. Оның ішінде **жеке тұлғалардан - 212** бірлік, **әр түрлі ұйымдардан - 320** бірлік, археология заттары – **3 668** бірлік, сатып алынған заттар – 99 бірлік қабылданды. Қор іріктеу комиссиясының нәтижесінде **негізгі қордағы** музейлік заттардың саны **3 863** бірлікті, ғылыми-қосымша қордағы **436** бірлікті құрайды.

Соңғы үш жылдағы музей қорындағы музейлік заттардың саны төмендегі кестеде беріледі.

Кесте №1. ҚР Ұлттық музейі қорындағы музей заттары туралы мәлімет.

Қор	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Негізгі қор	110 642	111 474	118 648
Ғылыми-қосымша қор	48 727	49 160	49 822
Уақытша қор	42 080	41 586	47 512
Барлығы	201 449	202 220	215 534

1.4. Ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Есептік кезеңде ҚР Ұлттық музейінде 2 ғылым докторы, 4 ғылым кандидаты, 3 PhD доктор, 60 магистр қызмет етті.

2021 жылы ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкерлері **6 монография, 2 кестелік сөздік, 1 конференция материалдарының жинағы, 112 ғылыми мақала** жариялады. Оның ішінде халықаралық Scopus базасына кіретін 7 мақала бар.

Есептік кезеңде Музейдің Ғылыми кеңесі мен Ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілістері өткізілді. Күн тәртібіне Музей қызметін ғылыми және әдістемелік тұрғыдан қолдауға қатысты мәселелер шығарылып, көптеген сұрақтар өз шешімін тапты. Солардың бірі ретінде «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты А.Оңғардың кандидатурасының ҚР БЖҒМ Білім саласындағы бақылау департаментіне «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағын алуға ұсынуын айтуға болады. Нәтижесінде А.Оңғар 2021 жылғы 28 сәуірде 07.00.00 – Тарих мамандығы бойынша «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағын иеленді.

2021 жылы жарық көрген **монографиялар:**

1) «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің «Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы» атты ұжымдық монографиясы (15.01.2021 ж);

2) Жетісу сақтарының тарихы бойынша Корея Республикасының Ұлттық мәдени мұра ғылыми-зерттеу институтымен бірге А. Оңғар, Пен Енхван, Нам Санвон, А. Каирмагамбетов, Ким Енхен, А. Нұскабайдың авторлығымен орыс тілінде жарық көрген «Катартобе. Некрополь сакской элиты Жетысу» атты ұжымдық монографиясы (25.02.2021 ж);

3) Жетісу сақтарының тарихы бойынша Корея Республикасының Ұлттық мәдени мұра ғылыми-зерттеу институтымен бірге корей тілінде жарық көрген «카자흐스탄제티수지역의고분문화 (Ancient tombs in Zhetisu Kazakhstan)» атты ұжымдық монографиясы (25.02.2021 ж).

4) Аданов К.Б., Дуйсебаев Б.Т., **Дуванбеков Р.**, Абилмажит Б.М., Формирование управленческой культуры учителей начальных классов в процессе профессиональной подготовки. Электрондық монография. Наука, инновации, образование: актуальные вопросы и современные аспекты: монография / Под общ. ред. Г. Ю. Гуляева – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». – 2021. – 244 с.

5) Isabaeva G.M., Baikenova G.G., **Duvanbekov R.**, Kirillova A.V. Comparative efficiency is in experimental hepatopathies citaphates and functional state of the liver. Электрондық монография. Состояние, проблемы и перспективы развития современных социально-экономических процессов: монография / [Ахмедзянова Э. И. и др.]. – Петрозаводск: МЦНП «Новая наука», 2020. – 194 с. (119-130).

6) К.М. Байпақов, **Ж.Қ. Таймағамбетов** «Archaeology of Kazakhstan». – Нұр-Сұлтан: Л.Г. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. – 2021. – 622 б.



«Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы» атты ұжымдық монографиясының тұсаукесер рәсімі



«Катартобе. Некрополь сакской элиты Жетысу» атты ұжымдық монографиясының тұсаукесер рәсімі

2021 жылы жарық көрген **сөздіктер:**

1) Иманбердиева С.Қ., Бекенова Г.Ш., Құламанова З.А., Мадиева Г.Б., Сапаров Қ.Т., Сейітқасымов А.А., Бексейітова А.Т., **Бекзатқызы И.** Ақмола облысы топонимдерінің кестелік сөздігі. – Нұр-Сұлтан: «Дәме» баспасы, 2021.

2) Иманбердиева С.Қ., Бекенова Г.Ш., Құламанова З.А., Мадиева Г.Б., Сапаров Қ.Т., Сейітқасымов А.А., Бексейітова А.Т., **Бекзатқызы И.** Жамбыл облысы топонимдерінің кестелік сөздігі. – Нұр-Сұлтан: «Дәме» баспасы, 2021. – 448 б.

Отандық тарих саласындағы өзекті тақырыптарды зерттеу мақсатында ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты, «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы, Ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметі табысты жұмыс жасауда.

2021 жылдың басынан бастап Музейдің ғылыми қызметкерлері төмендегі бағыттар бойынша **ғылыми-зерттеу жұмыстарын** жүргізуде:

1) Корея, Монғолия елдерінің ғалымдарымен бірге «Еуразиядағы ежелгі салт-аттылардың мәдениетін салыстырмалы зерттеу (б.з.б. IX ғ. – б.з. V ғ.)» тақырыбындағы ғылыми жоба («Халық қазынасы» ҒЗИ);

2) Жапония елінің Нара мәдени құндылықтар ұлттық ғылыми зерттеу институтымен бірлесе «Қола және темір дәуіріндегі Қазақстан тарихы» атты ғылыми жоба («Халық қазынасы» ҒЗИ);

3) ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған «Батыс Сарыарқа мен Солтүстік Арал бойы сақтарының мәдени кешені: пәнаралық зерттеу» атты гранттық жобасының (жоба жетекшісі – «Халық қазынасы» ҒЗИ

басшысы, т.ғ.к. Ақан Оңғарұлы) жұмыстарын іске асыру бойынша Батыс Сарыарқаның ерте темір дәуіріне қатысты материалдар (ғылыми есептер, күнделіктер, жәдігерлер және т.б.) жинақтау жұмыстары;

4) Қызылорда облысының әкімдігінің қаржыландыруымен жүзеге асып жатқан «Жанкент қалашығындағы археологиялық зерттеулер» жобасы. Жоба жетекшісі - т.ғ.к. А.А. Тажекеев. Зерттеу тобы ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің (Қызылорда, Қазақстан) докторанттары, Тюбинген университетінің Эберхард-Карл (Тюбинген, Германия) докторанттары және Қызылорда облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау инспекциясының қызметкерлерінен тұрады;

5) Ақмола облысы Ішкі саясат басқармасымен бірлесе отырып «Ақмола облысы елді-мекендерінің атауларын зерттеу және қалпына келтіру» ғылыми-қолданбалы жобасы («Халық қазынасы» ҒЗИ);

6) Шымкент қаласы мен Түркістан облысының қасиетті нысандарын зерттеуге арналған «Қасиетті Қазақстан» анықтамалық энциклопедиясының 5 томын шығару («Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы).

1.5. Біліктілікті арттыру курстары.

2021 жылы Қазақстан музейлерін дамыту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталығының бастамасымен музей мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында **3 республикалық форум, 3 дөңгелек үстел, 6 семинар, 14 вебинар, 2 дәріс, 70 онлайн-сұхбат** ұйымдастырылды. Бұл іс-шараларға республикалық және өңірлік музейлердің жас ғылыми қызметкерлері, экскурсия жүргізушілері, қор сақтаушылары және т.б. қатысты. Баяндамашылар ретінде ҚР Ұлттық музейінің, Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің, Маңғыстау, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің, «Ботай», «Ұлытау», «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықтарының және т.б. музейлердің қызметкерлері атсалысты.

Орталық өткен жылдан бастап тұрақты түрде **«Біздің музей» онлайн-бағдарламасын** өткізіп келеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы Қазақстандағы музейлерді жеке-жеке таныстырып, олардың тарихы, қызметі, үздік жобалары және алдағы жоспарлары туралы кеңінен мәлімет беру.

«Біздің музей» онлайн-бағдарламасына осы уақытқа дейін **47 республикалық және өңірлік музейлердің** басшылары мен білікті қызметкерлері қатысып, сұхбат берді және музей саласы бойынша өз ой-пікірлерімен бөлісті. 2021 жылы 47 бағдарламаның **жарияланым көрсеткіші 49 580 адамды** құрайды.

1.6 Ұйымдастырылған музей сабақтары, экскурсиялық жұмыстар

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің негізгі бағыттарының бірі музей педагогикасы және балалар шығармашылығы болып табылады. Музейге жастарды тарту және патриоттық-адамгершілік, ұлттық салт-дәстүрлік тәрбие беру, рухани жаңғырудың жолдары мен әдістерін ұрпақ бойына сіңіру мақсатында 4 фестиваль, 4 концерт, 1 көрме, 2 дәріс, 110 үйірме, 158 музей сабақтары ұйымдастырылды. Олар «Тарихи тұлғалар», «Шаңырақ», «Әсемдікке құштарлық», «Қызықты этнография», «Дана» студенттік клубы және «Мейірім» әлеуметтік мәдени-білімдік жобалары, «Кескіндеме және графика», «Мирас», «Шебер», «Қолөнер ғаламшары» үйірмелері аясында жүзеге асырылды.

Экскурсиялық жұмыстар.

Есеп беру кезеңі аралығында Музейге 90 901 адам келді, олардың ішінде 44 574 адамға Музей залдары бойынша экскурсия жүргізілді. Музейге келушілердің статистикасын егжей-тегжейлі қарастыра отырып, келушілер мен экскурсанттар контингенті келесідей санаттарға бөлінді.

Кесте №2. 2019-2021 жылдардағы Музей қонақтарының санаты.

Р / с	Санаттар	Келушілер саны		
		2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1	Оқушылар	47371	6051	24331
2	Студенттер	10106	1201	4711
3	7 жасқа дейінгі балалар	5285	1020	7016
4	Зейнеткерлер	3712	351	4000
5	Мүмкіндігі шектеулі адамдар	2731	304	1982
6	Әскери қызметкерлер	1442	222	2142
7	Шетелдіктер	26509	3731	6942
8	Балалар үйінің тәрбиеленушілері	704	-	524
9	Ересектер (басқа санат)	70037	11307	39253
	Жалпы:	168 039	27 275	90 901

2020 жылдың наурыз айынан бастап карантин енгізілгеннен кейін бөлім қызметкерлері ZOOM, Instagram және Facebook платформаларында онлайн экскурсиялар жүргізіп келеді.

Егер 2020 жылы Музейге келушілердің саны барлығы 27 275 адамды құраса, 2021 жылы олардың санының артып, 90 901 адамға жеткендігін байқаймыз. Бұл карантиндік талаптардың жеңілдеуімен және Музей ұжымының келушілерді тартудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануымен тығыз байланысты.

1.7 Халықаралық байланыс.

2021 жылы ҚР Ұлттық музейінде халықаралық байланысты нығайту мақсатында 2 меморандум жасалып, 7 халықаралық көрме ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Корея Республикасы Ұлттық мәдени мұраны зерттеу институты (25.02.2021 ж.) және Әзірбайжан Ұлттық өнер музейімен (01.03.2021 ж.) өзара ынтымақтастықты дамыту туралы меморандумға қол қойылды.

Есептік кезеңде ҚР Ұлттық музейінде Ресей Федерациясы, Германия Федеративтік Республикасы, Италия Республикасы, Корея Республикасы, Беларусь Республикасымен бірлескен халықаралық көрмелер ұйымдастырылды.

2021 жылы ҚР Ұлттық музейіне **6 942** шетелдік қонақ келді. Олардың қатарында Германия, БАӘ, Италия, Франция, Ресей Федерациясы, Молдова, Эстония, Түркия, Румыния, Филиппин, Болгария, Польша, Венгрия, Швейцария, Швеция сияқты 24 елден келген ресми делегация мүшелері бар.

Музей қызметкерлері төмендегідей халықаралық біліктілікті арттыру курстарынан өтті:

1) 2021 жылғы 20 қыркүйек – 2 қазан аралығында Музейдің Металл, ағаш, тері және сүйек бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының жетекшісі М. Аятбеков пен керамика, фарфор және шыны бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының жетекшісі Б. Жақсылық мәдени мұраларды сақтау мақсатында Чикаго университеті (АҚШ) мен Өзбекстан Мемлекеттік тарихи музейі бірлесіп ұйымдастырған Орта Азия республикаларының музей қалпына келтірушілеріне арналған біліктілікті арттыру курсы;

2) Археологиялық жәдігерлерді алғашқы өңдеу зертханасының ғылыми қызметкері С.Рахымжанова 2021 жылғы 27 қыркүйек - 31 желтоқсан аралығында Франциядағы Сарбон университетінде «Солтүстік Арал өңіріндегі (Батыс Қазақстан) Деркөл 1 энеолиттік қонысындағы қыш өндірісі» тақырыбында Post-doctoral бағдарламасы бойынша тағылымдама.

1.8. БАҚ-пен жұмыс.

ҚР Ұлттық музейі төл тарихымыз бен мәдениетімізді халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында Бұқаралық ақпарат құралдарымен (*бұдан әрі - БАҚ*) тығыз жұмыс жасауға ерекше назар аударып келеді. 2021 жылы БАҚ-та барлығы **310 материал** жарияланды. Оның ішінде бейнесюжет саны – **127** (халықаралық БАҚ-та –**11** бейнесюжет), тікелей қосылымдар саны – **33**. Мерзімді және интернет-ресурстарда **145** мақала жарияланса (оның ішінде халықаралық мерзімді басылымдарда – **7** мақала жарық көрді), **5** бағдарлама радио толқынына шықты.

Осы орайда ҚР Ұлттық музейінің МТРК «МИР», «Синьхуа» ҚХР ақпараттық агенттігі, CGTN телеарнасы, Түркия мемлекетінің «TRT Avaz» арнасы сияқты халықаралық БАҚ-пен тұрақты байланыс орнатқандығын атап өткен жөн.

Музей заман талабына сай әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізіп келеді. 2021 жылы Музейдің арнайы Facebook желісіндегі парақшасында 670 материал жарияланып, 258 493 адам қараса, Instagram желісінде 630 материал орналастырылып 265 834 адам тамашалаған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі 23 маусым күні Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Шара барысында ҚР Ұлттық музейінің директоры А.Мұхамедиұлының атынан 120 БАҚ өкілдеріне алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Олардың қатарында халықаралық, республикалық және аймақтық БАҚ өкілдері бар.

Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен насихаттау мақсатында ҚР Ұлттық музейінде ұйымдастырылған іс-шараларға БАҚ тарапынан және музейдің ресми әлеуметтік желілерінде ақпараттық қолдау белсенді қамтамасыз етіледі.